

Жалғас:

Өрікпін, мен өрікпін
Бау – бақшаға көрікпін

Айару:

Мен шиемін, шиемін,
Күннің көзін сүйемін.

Жүргізуші: Жарайсындар, балалар. Сендер көптеген тақпақ біледі екенсіңдер. Қараңдаршы балалар, мына жерде көптеген көкөністер мен жемістер бар: мынау картоп, бұл пияз, міне қияр, қараңдар қарбыз, сәбіздер де бар екен. Біздің Қарлығаш бөбекжайымыздың бақшасында сәбіздер көп екен.

Ендеше, «Сәбіз жинау» ойынын ойнайық. Сәбіз ұзын, түсі сарғылт болады.

Ойын шарты: Екі топқа бөлініп сәбіздерді себетке жинауымыз керек. Қай топ көп жинаса сол топ жеңімпаз атанады.

Жүргізуші: Іңкәр апайымен қыздардың биіне кезек берейік.

Би: «Жапырақтар»

Жүргізуші: Жемістер жақсы етіп тақпақтарын айтты. Қане қалған балалар сендерде өз өнерлерінді көрсетіңдерші.

Айсана:

Қарашы күз келді, күз келді,
Жапырақ жауыпты іздерді.

Айкөркем

Жапырақ ұшты,
Суық та түсті,
Сонда да бізге,
Қызық көп күзде.

Қасиет:

Сап-сары манай,
Сап-сары тоғай.
Соңғы әнін айтып.
Күс кетті қайтып.

Айназар:

Келді міне күз,
Айнала сары түс.
Керемет, тамаша.
Қандай әсем күз.

Күз ханшайымы: Жарайсындар, балалар! Сендер ақылды, өнерлі, жан – жақты бүлдіршіндер екенсіңдер. Мен сендердің өнерлеріне риза болдым. Ал, балалар мен кетейін. Сау болыңдар!

Балалар: Сау болыңыз, күз ханшайымы!

Күз мерекесін бізбен бірге тойлағаныңызға алғысымызды айтамыз. Сау болыңыз!!!

Жүргізуші: Ендеше ұлдарымыздың көкөністер биін тамашалайық.

«Көкөністер» биі

Жүргізуші: «Күз кереметі» атты ертеңгілігімізге қатысқандарыңызға көп рахмет. Сау болыңыздар!